Школа Лицей № 101

# МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ:

ДАУКИШЕВА ЖАЗИРА АХМЕДИЕВНА

# *САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ*:

- Лексикалық тақырыбы: Мұқағали Мақатаев
- Грамматикалық: Морфология (сөз құрамы , сөз таптары)

# САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

- Жиырмасыншы ғасырдың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың білімдар, ойшыл, зиялы ірі тұлға екенін оқушыларға жеткізу; грамматикалық материалдарды бекіту:
- Ойларын еркін жеткізе білуге баулу:
- Өнер адамына, еліне, тарихына, тілге деген сезімін ояту.



**Көрер едің,**
**Шаламын ба, отпын ба,**
**Білер едің,**
**Ақынмын ба, жоқпын ба?..**
**Кектендірген хан Жәңгір де жоқ мұнда,**
**Кектенетін Махамбет те жоқ мұнда.**
**Түсінер ең**
**Езбін бе, әлде ермін бе?**
**Байқар едің,**
**Артықпын ба, кеммін бе?..**
**Мен Спартак бола алмадым, не шара,**

**Сенің өзің Цезарь болып көрдің бе?**

**Абай үніне үн қосып, Абай өнегесін үлгі тұту өз жанының аңсары, қалауы екенін білдіреді.**
**... Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін,**
**Ермек үшін, немесе өлмеу үшін.**
**Жазсам, жазам жырды мен, жасырмаймын.**
**Жаралы жүректерді емдеу үшін.**
**Немесе:**
**Қуат алып Абайдың тіл-күшінен,**
**Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.**
**Абай болып табынсам бір кісіге,**
**Абай болып түңілем бір кісіден...-**
**Деген жыр жолдарынан, Мұқағалидың өзі “Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін” жанын**
**Салған ақын бейнесі танылады.**

- Мұқағалидің өлеңі “Фариза”; әнін жазған Әбиірбек Тінәлиев

# МӘТІН БОЙЫНША ЖҰМЫС ТӘРТІБІ:

- **Түсініп оқу**
- **Мазмұнын түсінуде қиындық тудыратын сөздерді анықтау**
- **Сөздікпен жұмыс**
- **Мәтінге қатысты сұрақтарға жауап беру**
- **Мәтіннен жалқы есімдердің тұлғасын анықтау**
- **Мәтіндегі асты сызылған сөздерге морфологиялық талдау жасау**
- **Тест сауалдарына жауап беру**

# Мұқағали Мақатаев

- М. Мақатаев 1931 жылы ақпан айының 9 жұлдызында Алматы облысының (қазіргі ) Райымбек ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Мұқағали мектеп қабырғасында оқып жүргенде өлең жаза бастаған. Ол 10-ыншы сыныпты интернатта бітірген. ҚазМУ-ң филология факультетін бітірген. Университетте оқып жүргенде қызыл отау меңгерушісі, комсомол жетекшісі болды.
- М.Мақатаевтың ең бірінші жазған өлеңі “Қойшы бала Әкітай”. Бұл өлеңде ақынның өз өмірі суреттеледі. Ақынның тірісінде үш аудармасы жарыққа шықты. Оған Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығы берілді, сондай-ақ “Ғасыр ақыны” атағы да берілген.
- М.Мақатаев поэзия жанрында ғана емес проза,драма саласында да қалам тартты. Ақынның 8 жыр жинағы жарық көрген. Поэмалары: “Райымбек”, “Аққулар ұйықтағанда”, “Қайырлы түн”, “Арман”, “Досыма хат”.
- Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне Қазақстан композиторлары Нұрғиса Тілендиев, Алтынбек Қоразбаев және тағы басқа сазгерлер ән жазған.
- М.Мақатаев 1976 жылы дүниеден өтті, бірақ та ол өзінің артында көп мұра қалдырды, оның атында Алматы қаласында мектеп , көше және мұражай ашылған.

# С Ө З Д І К

**Қабырғасында - здесь: в стенах**
**Суреттеледі-здесь:описывается**
**Қалам тартты - здесь: работал**
**Меңгерушісі - заведующий**
**Жетекшісі - руководитель**

# СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС

- Сөз тіркестерін құрастыр:

# СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС

- Сөйлем құрастыр :

# СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРІҢДЕР:

- М.Мақатаевтың туған жылы, туған жері.
- М.Мақатаев алғашқы өлеңдерін қашан жаза бастады?
- Университеттегі оның қоғамдық қызметі.
- М.Мақатаевтың поэмалары.
- М.Мақатаевтың еңбегінің бағалануы.
- Оның өлеңдеріне музыка жазған қазақ композиторлары.

# МӘТІНДЕГІ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІҢ ТҰЛҒАСЫН АНЫҚТА .

- Географиялық атаулар
- Адамдардың есімдері
- Әдеби шығармалардың аты
- Оқу орнының атауы

# СӨЗДЕРДІ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫСЫНАН СИПАТТА:

**Ауылында** **Оқып жүргенде**
**Облысының** **Қазіргі**

**Сөз табы :**

**Құрамына қарай:**

**Тұлғасына қарай:**

**Мағынасына қарай:**

**Сөз құрамы:**

# Тест сауалдарына жауап беріңдер

***1.Қосымша түрлерінің қатарын белгілеңіз***

**А. септеулік, демеулік**

**Ә. жіктеу,септік**

**Б. жұрнақ,жалғау**

**В. жалғаулық,жіктеу**

***2. Жұрнақ түрлерін анықтаңыз***

**А. септік,жалғау**

**Ә. түбір,қосымша**

**Б. сөз түрлендіруші,қосымша**

**В. сөз тудырушы , сөз түрлендіруші**

***3. Тәуелдік мағына тудыратын жұрнақты табыңыз***

**А.-лар,-лер,-тар**

**Ә.-ның,-нің,-дың,**

**Б.-нікі,-дікі,-тікі,**

**В.-мын,-мыз,-сыңдар,**

***4. "Өлеңі" сөзіндегі соңғы қосымшаны анықтаңыз***

**А. бұйрық рай жұрнағы**

**Ә. тәуелдік жалғауының 3-жағы**

**Б. жіктік жалғау**

**В. барыс септік жалғауы**

***қатаевтың алғашқы өлеңін көрсетіңіз***

**ма хат"**

дұрыс

қате

# ТЕКСЕРІҢДЕР:

# БАҒАЛАҢДАР:

1. В
2. Б
3. Б
4. Ә
5. Б
6. Б
7. Ә
8. В

**8 дұрыс жауап – “5”**

**7-6 дұрыс жауап – “4”**

**5-4 дұрыс жауап – “3”**

**Ал менің есіме Мұқағали Мақатаевтың тағы бір өлең жолдары келіп тұр, «Қазақстан» деген өлеңінен үзінді:**

# ҚАЗАҚСТАН

**Жақсы аттанды демессің,сүйем десем,**
**Табынатын Тәңірім,Ием де – сен.**
**Адам болып күн кешу қиын маған,**
**Арқа тұтып, өзіңе сүйенбесем.**
**Сен менің сүйегім мен қанымдасың,**
**Жанымдасың,ұятым, арымдасың.**
**Саған деген махаббат дамылдасын,**
**Тек сенің топырағыңды жамылғасын.**

**Мұқағали өз елінің, жерінің адал азаматы болғандықтан, осындай жолдар жазды.**

**Ал сендер Қазақстанның болашағы, үмітісіңдер. Қазақтың біртуар ақыны Мұқағали туралы өз ойларыңды қалай білдіре аласыңдар? - деген сұрақпен сабақты қорытындылап , үй тапсырмасын айтып кетейін:**

# ҮЙГЕ ТАПСЫРМА:

**I. Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы, шығармашылығы бойынша презентация дайындау.Осы өлең жолдарын жұмыстың эпиграфы ретінде қолдану қажет.**

**Тыңдағандарыңызға көп рақмет!**

**Сау болыңыздар!**